

Бүкіл әлем біздің көз алдымызда өзгеруде. Бағыты белгісіз жаңа тарихи кезең басталды. Жауапкершілігі жоғары біртұтас ұлт болу үшін өзімізді мықтап қолға алып, жаңа заманның ағымына ілесіп, нақты қадамдар жасауымыз қажет. Сонымен қатар «Рухани жаңғыру» жеке азаматтар үшін де, әрбір жеке тұлғадан құралған қоғам, туған өліміз үшін де өте маңызды үдеріс.



# РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ - ТАБЫСТЫ ЕЛ БОЛУДЫҢ КЕПІЛІ

Елбасы Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қадамдарын көрсететін саналы ой, ұстамды пікір, батыл шешімдерге құрылған маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық қодтан айырылып қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр. Онда ел Президенті Қазақстан үшін қайта түлеудің айырықша маңызды екі үдерісі – саяси реформа мен экономикалық жаңғыруды қолға ала отырып, Біртұтас Ұлт болу үшін болашаққа қалай қадам басатынын және бұқаралық сананы қалай өзгертетіні жөнінде алысты болжайтын көзқарастарымен бөліседі.

Рухани жаңғыру адами құндылықтар, рухани қазына, жастарды тәрбиелеу, олардың бойына патриоттық рухты сіңіре

білу жұмысында рухани салаға басымдық берудің қажеттілігін алға қойып отыр. Бұл дегеніміз – ұлтымыздың барлық ұлттық салт-дәстүрлерін, мемлекеттік тіліміз бен әдебиетімізді, мәдениетімізді, ұлттық рухымызды жаңғырту деген асыл ұғымға келіп саяды. Елбасымыздың рухани жаңғыруға, руханиятқа, білім, ғылымға маңыз беруі – үлкен көрегендік пен ұлттың алға ілгерлеуін жылдам қарқынмен жылжитатын қозғаушы күш. Бұл – тәуелсіз еліміздің бақытты болашағы мен алаңсыз келешегі үшін жасалып жатқан жұмыс.

Болашақта ұлттың табысты болуы экономикалық дамуымен қатар бәсекеге қабілеттілігімен өлшенеді. Компьютерлік сауаттылық, шет тілдерін меңгеру, мәдени ашықтық сияқты факторлар халықтың сұранысқа ие маман болуына мүмкіндік жасайды. Жастардың интеллектуалды көрсеткіштері олардың тек білім деңгейімен ғана емес, сонымен бірге олардың ұлттық тәрбиесімен,

рухани жаңғыруымен де тікелей байланысты. Білім – рухани жаңғырудың басты алғышарты. Өйткені, ой жүйесі терең, алыстан пайымдап, тереңнен тамырланған дүниетанымы кең адам ғана бәсекеге төтеп береді деген ауқымды ұғымды білдіреді.

Мемлекет пен ұлт қатып қалған дүние емес, үнемі дамып отыратын тірі ағза секілді. Ол өмір сүру үшін заман ағымына саналы түрде бейімделуге қабілетті болуы керек.

Жаңа жаһандық үрдістер әлемді жаулап барады. Сондықтан, заманға сәйкес жаңғыру міндеті барлық мемлекеттердің алдында тұр. Демек жаңа жағдайда жаңғыруға деген ішкі ұмтылыс біздің дамуымыздың ең басты қағидасы болуы тиіс.

**Г.БАУБЕКОВА,**  
**М.Әуезов атындағы ОҚУ-**  
**дың оқытушысы, магистр.**  
**Л.КОСАЛИЕВА,**  
**ЕП-20-15к тобының**  
**студенті.**